

## 2012 жылға арналған нысаналы топтарды анықтау туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 05 қаңтардағы N 1517 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 01 ақпанда N 5-9-161 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Глубокое ауданының әкімі аппаратының 2013 жылғы 28 наурыздағы N 1372-02-11 хаты)

Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Глубокое ауданының әкімі аппаратының 28.03.2013 N 1372-02-11 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2)-тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының 1-бабының 1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Глубокое аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға келесі нысаналы топтар белгіленсін:

а з қ а м т ы л ғ а н д а р ;

жиырма бір жасқа дейінгі жастар;

балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар; кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы а т а - а н а л а р ;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар б а р а з а м а т т а р ;

зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке ш ы ғ у ғ а е к і ж ы л қ а л ғ а н ) ; м ү г е д е к т е р ;

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;

бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан  
б о с а т ы л ғ а н а д а м д а р ;  
о р а л м а н д а р ;  
жоғары және жоғары орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;  
жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның  
қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына  
байланысты жұмыстан босатылған адамдар;  
елу жастағы және одан үлкен жастағылар;  
есірткіге тәуелділер;  
ВЖА – жұқтырған азаматтар;  
мектеп және кәсіби оқу орындарының түлектері;  
жалғыз басты тұратын адамдар;  
ұзақ уақыт жұмыс істемегендер (бір жылдан артық);  
жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;  
екі және бір айдан артық жұмыс істемейтін тұлғалар;  
мамандықтары жоқ, жұмыс іздеп жүрген тұлғалар;  
қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған  
а д а м д а р .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Глубокое аудандық әкімдігінің  
2012.10.19 № 462 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа  
енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Глубокое ауданы әкімінің  
орынбасары М. Асамбаевқа жүктелсін.

3. Қаулы алғаш рет ресми жарияланған бірінші күннен кейін күнтізбелік он  
күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Глубокое ауданының әкімі*

*В. Кошелев*